

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Қызыл	Ыстық	Ерекшелейді, қатты шаршатады	Жақындатады
Қоңыр	Жылулық	Шаршатады	Жақындатады
Суық түстер			
Сұр	Салқындық	Назар аудартапайды, шаршатпайды	Алыстатады
Көгілдір	Суық	Шаршатпайды	Алыстатады
Жасыл	Салқындық	Демалтады	Алыстатады
Күлгін	Балғындық	Дезинтеграциялайды	Жақындатады

Тұтынушыларда жарнамаға байланысты белгілі бір стереотиптер қалыптасады. Мысалы, Super Lights (супер жеңіл) - ақ немесе сұр, ментол - жасыл, темекі қызыл, lights (жарық) көк немесе көгілдір болуы тиіс.

Бірақ, алайда, тәжірибеде жарнамадағы түстік стереотиптерді бұзуға тырысқан ұйымдарда кездесті. Мысалы, Heinz компаниясы кетчуп түсін өзгертуге тырысты. Heinz бүкіл әлемге жасыл кетчупты таныстырды. Жасыл түсті кетчуп үлкен адамдарды таң қалдырды, бірақ кішкентай балаларды таң қалдырмады, себебі кішкентай балаларда қатаң стереотиптер жоқ. Жаңа кетчуп тек түсімен өзгешеленді. Дәмі қызыл кетчуппен бірдей болды.

Қорыта айтқанда, түстердің адам өмірінде едәуір маңызы бар, эмоциялық жағымды немесе жағымсыз күйер туғызу ықтималдығы а басым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Психология цвета в рекламе //[Электронный ресурс]. URL: http://www.advesti.ru/publish/psiholog/200405_color
2. Использование цвета в рекламе //[Электронный ресурс]. URL: <http://www.allagency.ru/articles/ispolzovanie-tsveta-v-reklame>
3. Цвет в рекламе //[Электронный ресурс]. URL: <http://rosdesign.com/design/kolorreclodesign.htm>
4. Психология цвета в рекламе //[Электронный ресурс]. URL: <http://profitexter.ru/archives/425>
5. Батра Р., Майерс Д.Д., Аакер Д.А. Рекламный менеджмент: Пер. с англ. 5-е изд. М.: СПб., 2004. 784 с.
6. Яцюк О., Э. Романычева. Компьютерные технологии в дизайне. Эффективная реклама. — СПб.: БХВ-Петербург, 2001. 432 с.

ӘОЖ 378.013.42:[070:654.19]

БАҚ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ерназар Перизат Жанкелдіқызы
perizat.ernazar@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының
1 – курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Перизат Бәйтешқызы Сейітқазы п.ғ.д., профессор

Болашақ ұрпақтың білім алуы мен тәрбиесі, оның дамуы қашанда аса маңызды мәселелердің бірі болса, жаңа ғасыр енген қазіргі кезеңде оларға білім мен тәрбие беруде жоғары технологиялық ақпараттық қоғамның мүмкіндіктерін ескере отырып бейімдеу мәселесі басты міндет болып отыр. Өйткені қоғамның қай саласында болсын жаңа технологияға кеңінен мән беру өмірдің өзі талап етіп отырған мәселе. Сондықтан, қандай да

жаңалықты қабылдауға бейім және оларды меңгеруге дайын жастардың алатын білімі мен тәрбиесіне, мәдениет деңгейіне ерекше көңіл бөлінуі заңдылық. Бұл жайында жастармен қазіргі қоғамдағы олардың орны мен және ұлттық құндылықтардың сақталуы мен тәрбиенің маңызы жайында ой бөліскен еліміздің Президенті Қазақстан жастарының I съезінде сөйлеген сөзінде өте маңызды әрі көкейкесті мәселені көтерді. Н.Назарбаев бұл кездесуінде: «Жастардың бойында құндылықтардың дұрыс жүйесін қалыптастыру керек, оның негізінде еңбексүйгіштік, ар-намыс, парасаттық, өзін-өзі тұрақты жетілдіруге ұмтылыс және оқу, тәртіп сияқты қасиеттер жатқаны жөн» деп қазіргі жастардың бойында аса қажетті құндылықтарды тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру керектігін және оны білім мен тәрбие беруді дұрыс ұйымдастыру арқылы қалпына келтіру керектігіне мән беру қажеттілігін ерекше атап өтті. Сондай-ақ Елбасы, қазіргі кезде бұл құндылықтарды жастар мен жасөспірімдердің бойында қалыптастыру үшін басқа да біршама іс-шараларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізу керектігін айта отырып, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалына үлкен мән берудің тиімділігіне және оның аса маңызды құрал екендігіне тоқталды. [1,3]

Қоғам дамуының қай кезеңінде болмасын мемлекеттің қоғамдық институттарына, соның бірі бұқаралық ақпарат құралдарына, саяси, тарихи мәдени міндеттер жүктеліп отырады. Демек, жаңа жағдайда өзіне қоғамдық пікір қалыптастырушы, елдің көптеген функциялары жүктеліп отырған бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын ауқымды істер аясы уақыт озған сайын ұлғаймаса тарылмақ емес. Бұл тұстағы негізгі анықталған мәселе, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам өміріндегі пайдалану аясы күннен-күнге кеңейіп, оның көлемінің артуына да себебін тигізуде. Осыған орай, БАҚ-ның тұлға мен тұтынушылар тобына (бұқараға) ықпалын зерттеу әлеуметтану, психология және педагогика ғылымдары арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, психология көбіне аудиторияға ықпалдың механизмдерін, ал педагогика – болжанған ықпалға жету жолдарын, соның ішінде: ақпараттық ықпалдың жолдарын, әдістері мен құралдарын, сондай-ақ түрлі бағдарламаларды қолданудың тиімділігін қамтитын жағдайларды зерттейді.

Бұл мәселелердің барлығын анықтау мақсатында, қазақстандық және шетелдік ғалымдар өз зерттеулеріне арқау болған бұқаралық ақпарат құралдары туралы және оның бала психологиясы, тәрбиесі, әлеуметтенуі мәселелері туралы ойларын толыққанды қарастырып өткен жөн.

Профессор А.Б. Венгеровтың пікіріне сүйенетін болсақ, «бұқаралық ақпарат құралдары өз көрермендерін ақпараттандырумен қатар, қоғамдық ой-пікірлерді басқаруға және адамды қоғамдық өмірге, болып жатқан оқиғаларға бейімдеуге баулиды» Бұл тұста ескеретін жайт, ақпарат ол тұлғаны әлеуметтендіруші функцияны да атқарады, сол себепті ақпараттың әлеуметтік мәнін ұғынуымыз қажет [2,19]. Әлеуметтік ақпарат жайлы В.Г. Афанасьев былай деген: «ақпарат – қоғамда қолданылатын материя қозғалысының әлеуметтік нысаны туралы мәлімет, хабар, білім дегенді білдіреді. Адам қызметі іс-әрекетінің тиімділігі ақпаратты қабылдау, ойлау және пайдалану қабілеттілігімен анықталады. Ақпараттың ерекшелігі адамды белгілі бір іс-әрекет жасауға итермелейді. Ол адамның санасы арқылы өте отырып, қоршаған ортаның қасиетін бейнелейді. Демек, аталмыш ақпарат адамның іс-әрекетін реттеу қасиетіне ие деуге болады. Осыған сәйкес А.Б.Венгеров «ақпарат реттеуші ретінде әлеуметтік процеске әсер ету тәсілі арқылы, нақты оқиға туралы және жария түрде таратылған мәлімет, яғни бұқаралық ақпарат құралдары көмегімен талқылау үшін таратылған жағымды не болмаса жағымсыз мәні бар мәліметтерді білдіреді», - дейді. [3,39]

Оқу тәрбие үдерісін ұйымдастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде ең алғашқы болып қызмет көрсетіп келе жатқан баспасөз құралының мүмкіндіктері туралы еліміздің педагогика ғылымында үлес қосып отырған ғалым, ұлттық академияның академигі, педагогика ғылымдарының докторы К.Қ.Құнантаева бұл мәселе жөнінде былай деп жазады: «Мұғалімдердің мерзімді баспасөз материалдарын сабақта және сыныптан тыс уақыттарда пайдалануы, оған адамгершілік мәселелерін шешуге көмектеседі. Әсіресе балалар мен жасөспірімдер баспасөзі бала бойына адамгершілік мінез нормалары мен ережелерін дамытуда үлкен насихатшы болып табылады, идеялық әсердің адамгершілік тәрбиесіндегі

дәйектілігін көтереді», - деп ғалым бала бойында мектеп қабырғасында жүрген кезден қалыптасуға тиісті адамгершілік тәрізді аса маңызды қасиетті құндылықтарды қалыптастыруда мұғалімдер бұқаралық ақпарат құралдарын, оның ішінде баспасөзді пайдалануы өзінің жемісін беретіндігін айта отырып, оған мұғалім мамандарының даяр болу керекігін жазады [4,4].

Ал О.П. Симанчуктің зерттеу еңбегінде баспасөзбен қатар телебағдарламалардың да жастардың рөлін нақтылай отырып, отбасы мен жастарды тәрбиелеуде телебағдарламалардың мүмкіндіктерін пайдаланудың қажеттілігін осы мәселе бойынша тұжырымдамасында көрсетеді [5,24].

А.С. Бараненко бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы азаматты тәрбиелей отырып, әлеуметтендіру жүйесін дайындады. Бұндай көзқарас қазіргі уақытта әлеуметтендіру мен тәрбиенің түсінігі шексіз кең болуына байланысты оған оқыту барысында білім беріп қана қоймай, жеке тұлғаның әлеуметтенуі мен қалыптасуына, құнды бағыт бағдарлар беру, адамның дүниетанымдық көзқарасы қалыптасуы үшін жағдайлар құру және т.б. жатады. Сондықтан, болашақ студенттерге ақпараттық әсер ету әртүрлі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін.

А.А.Журин өз зерттеуінде жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының студенттердің тәрбиесі мен әлеуметтенуіне әсерінің дәрежесін анықтаған. Жалпы алғанда студент – бұл қалыптасқан, қоғамдық өмірге белсенді араласатын тұлға, яғни жеткіншектің азамат ретінде қалыпқа енген кезі. Нақ осы кезеңде ең бастысы жеткіншектердің рухани әлемі кеңейіп, өзіндік ізденуі, сенімі, өмірге деген көзқарасы қалыптаса бастайды. Бұл кезде студент дербестікке, әсерге берілгіштікке салынып, қимыл - қозғалысқа құштар келеді. Ғалым осы кезеңде студенттердің идеялық сенімін қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы, бұл істе педагогтар жүйелі түрде белсенділік көрсетіп, жастардың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп отырғанда ғана дұрыс нәтиже береді және ЖОО-да тәрбие іс-әрекетін жүзеге асыруда баспасөзбен телебағдарламаларды пайдалану тиімді деген пікірлері көңілге қонымды.[6,48]

Сондай-ақ, зерттеу жұмыстарының пәні ретінде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы «қиын балаларды» тәрбиелеу мәселесі де кездеседі. Мысалы, Д.И. Абдуллаевтың еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы баланың мінез-құлқына әсер етудің мүмкіндіктері көрсетілген. Бұл жағдайға орай автор бұқаралық ақпарат құралдарын тәрбиесінде ауытқуға жол берілген балаларды, тәрбиелеуде педагогикалық ықпалдың нәтижесі тек қана мақсатты түрде хабарларды, материалдарды тандап алғанда, олармен жүйелі түрде байланыс болғанда, яғни отбасында, мектепте, мектептен тыс жерлерде үздік байланыс болғанда ғана нәтиже беретіндігін көрсетеді. Автордың пайымдауынша, балаларды ерте жастан бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін пайдалануды, оны түсініп, қажеттісін алуды үйретіп отыру оң нәтиже береді. [7,85-96]

БАҚ жеке тұлғаның, қоғамның мемлекеттің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырады дегенді негізге алған В.Д.Сошников бұқаралық ақпарат құралдарының функцияларын жүйелей отырып, оның ішінде электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының, яғни теледидардың төмендегідей функциясын бөліп көрсетеді:

- ақпараттық;
- мәдени-ағартушылық;
- интегративті;
- коммуникативті;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- ұйымдастырушылық, білім-берушілік;
- рекреативті;

Тұлғаны әлеуметтендіру және өмірге бейімдеу тарапынан алғанда бұқаралық ақпарат құралдары мезофакторлардың қатарында екендігі мәлім. Әлеуметтендірудің мезофакторлары ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттары жеке тұлғаға ғана әсер етіп қоймай, үлкен әлеуметтік топтардың санасы мен мінез-құлқына яғни, бұқара халықтың санасы мен

мінез-құлқына әсер етуді көздейді, ондағы басты мақсат тұлғаның кейбір мәселелері бойынша өмірлік көзқарастарына әсер ете отырып, өмірге, қоғамға дұрыс әлеуметтенуіне, бейімделуіне ықпал ету. Олай болса бұқаралық ақпарат құралдары оқушылардың да әлеуметтенуіне, дүниетанымын кеңейтуге өзіндік тұрғыда үлес қосады, сондай-ақ тұлғаның қосымша білім алуына көмектеседі.

Н.В.Махова БАҚ жеке тұлғаның, қоғамның, жастардың әлеуметтенуіне қарай төмендегідей БАҚ функцияларын атап өтеді (сурет 1).



Сурет 1. Н.В.Махова бойынша БАҚ функциялары.

Бұл айтылған жағдайлар түптеп келгенде, жаңа дәуір талабына сай өз қызметіне деген талпыныс, қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарын тұтастай, әлеуметтік-саяси институт ретінде қалыптастыруға итермелейді. Ол әлеуметтанудың қайнар көздері бола білді. Өйткені, ашық ақпараттық кеңістік саясатының үстемдігі оқырмандар мен көрермендердің пікіралуандығына кепілдік берсе, мұның өзі қалың қауымның көзқарастары мен пікірін тиынақты зерттеу факторына айналады. Сөйтіп БАҚ әлеуметтің белгілі бір мәселелері төңірегінде көңіл-күйін зерттеп қана қоймай, қоғамдық пікір қалыптастырудың негізгі құралына айналды. Қоғамның ішкі саяси тұрақтылығы мен тұлға дамуының тұрақтылығын сақтау аса маңызды мәселе. Ал оған төнетін қауіп-қатер сыртқы ақпараттық ықпалдан болатыны даусыз.

Бұқаралық ақпарат құралдарының көптеген функциясының ішінде негізгі болып табылатын ақпараттық функцияны тарқатып қарайтын болсақ, ақпарат құралдарының барлық түрлерінің (теледидар, радио, газет-журнал, интернет, т.б.) хабарлары айрықша ақпараттық кеңістікті қалыптастыратыны белгілі.

Бұқаралық ақпарат құралдары өзінің рекреативті функциясы арқылы адамдардың бос уақытын, яғни демалысын тиімді ұйымдастыруға, мәдениетті демалуына көмектеседі. Демек, бұқаралық ақпарат құралдарын демалыс кезін пайдалану арқылы адамдары күнделікті тіршіліктің міндеттерін, проблемаларынан шамалы уақытқа болса да көңілінің аулуына жағдай туғызатын болса, ал балалардың сабақтан және мектептен тыс уақытын, демалыс күндерін тиімді пайдалануға, өзіне қажетті ақпараттарды алуда өзіндік үлесін қосады.

Ал, БАҚ-тың релаксациялық функциясының атқаратын ролі адам үшін, әсіресе балалар, студенттер үшін тіпті де ерекше. Өйткені, бұқаралық ақпарат құралдарының осы функциясының қызметі арқасында студенттерді әртүрлі эмоционалдық жағдайында кездесетін орынсыз әрекеттерден сақтап қалу мүмкіндігі жоғары. Мысалы, жастар кей кездері өзінің достарымен немесе араласатын қоғаммен тіл табыса алмай қалған сәттерде уақытының көп бөлігін теледидар көріп, газет-журнал оқуға жұмсаса, көңіл-күйінің дұрысталуына көмектеседі екен. Нәтижесінде реніш, ыза-өкенің тарқауына септігін тигізеді де жастадың эмоционалды

жағдайды жасауы мүмкін әрекеттерден сақтануына жағдай жасайды. Релаксация (лат. relaxatij – күш салудың кемуі) – қатты қобалжудың немесе күшке түскен әрекеттен кейін субъектінің босансып әлсіреген, тыныштанған күйі.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде теледидардың интегративті (шоғырландырушы, бірлестіруші) функциясында хабар таратудың барлық бөлімдерін (публицистика, өнер, спорт, көңіл көтеру) қамти отырып, ол басқа функцияларға: ақпараттық, мәдени-ағартушылық, ұйымдастырушылық, білім берушілік тағы басқаларымен үйлесімділікте қызмет етеді. Теледидардың интегративтік функциясын нақты жүзеге асыру үшін, ең бастысы қоғамның мұқтаждығын анықтай отырып материалдар берумен тікелей байланысты. [8,24]

Теледидардың әлеуметтік-педагогикалық немесе басқару функциясы интегративтік және ақпараттық функциялармен тығыз байланысты. Ақпаратты кімнің таратқанына қарамастан, ол әрқашанда әділетті, және тәуелсіз болуы шарт. Әлеуметтік-педагогикалық міндетте журналист, біріншіден, өзіне нақты психологияны, әдеттерді, адамның құндылық жүйесін елестете білуді көздейді. Екіншіден, адамдардың қоғамға деген оң көзқарасын қалыптастыруды мақсат етеді. Әлеуметтік-педагогикалық қызметті сауатты ұйымдастыра алуы үшін, журналистерден әлеуметтану айналасындағы білімді игеру талап етіледі, демек, түрлі әлеуметтік топтардың мұқтаждықтарын анықтау арқылы солардың айналысында жұмыстар жүргізу бұл функцияның маңызын көтере түседі.

Елімізде БАҚ тұрғысынан көптеген ғалымдар өз зерттеу жұмыстарымен қатар тұжырымды ой-пікірлерін көрсеткен болатын. Мәселен, К.Смайылов «Тәуелсіз қазақ мемлекеті жаңа ғасырда өркениетті елдермен терезесі тең түсіп, өлкесі бай, елі берекелі болса, оған БАҚ қосатын үлесі де орасан зор болмақ. БАҚ қашанда халқымен бірге қуанып, халқымен бірге мұңаяды», -деп жазса, Н.Омашұлы «... ең қиыны БАҚ ішіндегі телебағдарламалардың бүгінгі қоғамдағы тәрбиелік әлеуеті болмақ, себебі бүгінгі күні жастардың талап-міндеттерінің жоғарылығы, телебағдарламаларда көрсетілетін ақпараттардан да асып түседі», - деп көрсеткен болатын [9].

Қорытындылай келе, бұқаралық ақпарат құралдары өзіндік білім беру жүйесіне айналады. Студенттердің өздігінен білім алып, өзін-өзі тәрбиелеуінде бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлері қатысады, өйткені ақпараттық заманда, адамның бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өздігінен білім алуына мүмкіндігі өте жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. П.Б.Сейтқазы Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау.- Алматы, 2009.- 3 б.
2. А.Б.Венгеров Право информация в условиях автоматизации управления.- М.: Юрид. Лит. 1978. –19 б.
3. В.Г.Афанасьев Социальная информация и управление обществом. – М.: Политиздат, 1975.- 39 б.
4. К.К.Кунантаева Некоторые вопросы нравственного воспитания. – Алматы, 1992. –4 б.
5. Симанчук О.П. Воспитание познавательных интересов школьников в процессе работ с периодической печатью: автореф... канд. пед. наук: 13.00.01. – М.,1980.- 24 б.
6. А.А.Журин Информационная безопасность как педагогическая проблема // Педагогика, 2001 - №4. –48 б.
7. Д.И.Абдуллаев Технология воспитание школьников как читателей и телезрителей // Воспитательная работа №2. – 2008. –85-96 б.
8. П.Б.Сейтқазы Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау.- Алматы, 2009.- 24 б.
9. М.Орынбекұлы Теледидар қазақты ұмытты // Жас алаш. – 2008. 11 мамыр.